

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд Аравиясы Корольдігінің Үкіметі арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық, техникалық және мәдени, сондай-ақ спорт және жастар ісі салаларындағы ынтымақтастық туралы Бас келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 13 ақпандағы N 156

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті **қаулы етеді:**

1. 1994 жылы 27 қыркүйекте Джидда қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд Аравиясы Корольдігінің Үкіметі арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық, техникалық және мәдени, сондай-ақ спорт және жастар ісі салаларындағы ынтымақтастық туралы Бас келісім бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы Бас келісімнің күшіне енгені туралы Сауд Аравиясы тарапынан хабардар етсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-министрі*

**Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Сауд  
Аравиясы Корольдігі Үкіметі арасындағы  
сауда-экономикалық, инвестициялық, техникалық  
және мәдени, сондай-ақ спорт және жастар ісі  
салаларындағы ынтымақтастық туралы  
БАС КЕЛІСІМ**

*(1995 жылғы 27 қыркүйекте күшіне енді - СІМ-нің ресми сайты)*

Бұдан әрі қарай "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Сауд Аравиясы Корольдігі Үкіметі, екі ел арасында қалыптасқан достық желілерін нығайтуды қуаттай отырып, өз елдерінің халықтары арасындағы рухани, тарихи және мәдени байланыстарды бекіте түсуге ұмтыла отырып, екі ел арасындағы ынтымақтастықты дамыту және нығайтудың маңыздылығын м о й ы н д а п , екі елдің жүгінетін заңдары мен нормаларына сәйкес төмендегілер жөнінде уағдаласты:

**1 бап**

Уағдаласушы Тараптар екі ел арасындағы ынтымақтастықты өзара түсінісу негізінде дамытуға және нығайтуға ұмтылады.

Сауда-экономикалық, инвестициялық және техникалық салалардағы ынтымақтастық

## **2 бап**

Уағдаласушы Тараптар екі ел және олардың азаматтары арасындағы, сондай-ақ екі елдегі жеке және заңды тұлғалар арасындағы экономикалық, сауда, инвестициялық және техникалық ынтымақтастықты қолдайды. Аталған ынтымақтастық мынадай нақтылы салаларды қамти отырып, тек олармен шектеліп қалмайды:

1. Экономикалық барлық салаларындағы ынтымақтастық, соның ішінде өнеркәсіп, мұнай және минерал ресурстарын өндіру, мұнай-химия өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы және денсаулық сақтау;
2. Ғылыми және техникалық зерттеулердегі ақпараттармен алмасу;
3. Ынтымақтастықтың жеке бағдарламалары үшін қажетті техникалық экспертизалар даярлау және олармен алмасу.

## **3 бап**

1. Уағдаласушы Тараптар екі ел арасындағы сауданы белсенді түрде арттыруға және түрлендіруге барлық күш-жігерін жұмсайтын болады. Осы мақсатта және сауда туралы халықаралық ережелер шеңберінде Уағдаласушы Тараптар бір біріне барынша қолайлы режим қолданатын болсын.

2. Бұндай қарым-қатынас режимі Уағдаласушы Тараптардың бірінің еркін сауда аймағына, кеден одағына, ортақ рынокқа, немесе аймақтық экономикалық құрылымның кез-келген басқа түріне қатысушы үшінші ел азаматтары мен компанияларына беретін артықшылықтар мен жеңілдіктеріне қатысты емес.

## **4 бап**

1. Уағдаласушы Тараптар екі ел азаматтарының барлық салаларында инвестиция жасаудың толық еркіндігін жүзеге асырылуына жағдай жасайды, алайда бұған тек қана өз ел азаматтарының қызметіне рұқсат берілетін немесе тыйым салынатын салалар қосылмайды.

2. Уағдаласушы Тараптар инвестициялар туралы заңдар шеңберінде және екі елде қолданылатын ережелерге сәйкес бірлескен кәсіпорындар құруды көтермелейтін болады.

## **5 бап**

Уағдаласушы Тараптар екі елдің өкілдерінің, делегацияларының, экономикалық және сауда миссияларының, соның ішінде жеке сектор саласындағы делегацияларының сапарларымен алмасуды көтермелейді.

Екі ел арасындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында олардың көрмелерге қатысуларына қажетті жеңілдіктер жасайды.

Ғылым, мәдениет, білім беру, спорт және жастар ісі салаларындағы ынтымақтастық

## **6 бап**

Уағдаласушы Тараптар ғылым, мәдениет, білім беру, спорт және жастар ісі салаларындағы ынтымақтастықты көтермелеуге күш-жігерін жұмсайды. Аталған ынтымақтастық мынандай салаларды қамтып отырып, олармен шектеліп қалмайды:

1. Мүдделілікті білдіретін салалардағы ақпараттармен алмасу жолымен ғылым және техника саласындағы ынтымақтастық, ресми өкілдерінің, зерттеушілердің, сарапшылар мен мамандардың сапарларымен алмасу, зерттеушілер мен техникалық персоналды даярлау, семинар мен ғылыми конференцияларға қатысу, сондай-ақ ғылыми-зерттеу лабораториялары мен орталықтарды құру.

2. Мәдениет мекемелері, қоғамдар, үкімет мекемелері және азаматтық ұйымдардың арасында бағдарламалармен алмасу жолымен мәдени саладағы ынтымақтастық, екі елде өткізілетін конференцияларға және мәдени фестивальдарға қатысу, өзаралық негізде екі елдің өмірі, халықтарының мұралары мен мәдениеті туралы ақпараттық және деректі фильмдерді көрсету, сапарлармен және тәжірибе алмасу жолымен университеттер мен басқа оқу орындарының арасындағы ынтымақтастықты көтермелеу, мәдениет саласында кадрлар дайындау, араб тілін тарату және оқып үйрету саласындағы қызметті үйлестіру.

3. Халықаралық және жалпымұсылмандық форумдарда бірлесіп әрекет жасау жолымен спорт және жастар ісі саласындағы ынтымақтастық, спорт және жастар ісімен айналысатын мекемелер, ұйымдар мен ассоциациялар арасындағы бағдарламалармен алмасу, осы саладағы құжаттармен, аудио және видео материалдармен, әдебиетпен және тәжірибемен алмасу, сондай-ақ спорт және жастар ісі салаларында ресми өкілдерінің сапарларымен алмасу, спорт және жастар ісі салаларында кадрлар даярлау, екі елде ұйымдастырылатын ұлттық, аймақтық және халықаралық конференциялар мен семинарларға қатынасу жолымен кадрлар алмасу бағдарламаларын даярлау.

## **Жалпы ережелер**

## **7 бап**

Уағдаласушы Тараптар қажет болғанда осы Келісімнің орындалу барысын бақылау үшін бірлескен комиссия құра алады.

## 8 бап

1. Осы Келісім Тараптардың заңдарында көзделген барлық қажетті ішкі мемлекеттік процедуралардың орындалғаны туралы мәлімдейтін ноталармен алмасқан  
с о ң к ү ш і н е е н е д і .

2. Осы Келісімнің қолданыс мерзімі күшіне енген күннен бастап бес жылға созылады және әрбір ретте Тараптардың бірі екінші Тарапқа осы Келісімнің қолданыс мерзімінің бітуіне алты ай қалғанда оның қолданысын тоқтатқысы келетін ниеті туралы жазбаша түрде мәлімдемесе, бір жылға өздігінен ұзартылады.

3. Осы Келісімнің қолданысы тоқтатылған жағдайда оның ережелері аталған Келісімге сәйкес жасалған және оның қолданыс мерзімі тоқтатылғанға дейін толық орындалмаған бағдарламаларға, жобаларға, контрктілерге және келісімдерге қатысты күшін сақтайтын болады. Аталған ереже осы Келісімге сәйкес, бірақ оның қолданыс мерзімі біткенге дейін орындалмаған құқықтарға, Келісімнің қолданысы тоқтатылғаннан кейін туған қаражат және сауда мәселелері мен міндеттемелеріне, сондай-ақ мекемелердің жойылуына байланысты қолданылатын болады. Бұл жайлар үкімет құқықтары мен міндеттемелерімен қатар тараптардың жеке және заңды т ұ л ғ а л а р ғ а ж а й ы л а д ы .

Екі дана болып, әрқайсысы қазақ және араб тілдерінде жасалады, сондай-ақ екі  
т е к с т і ң к ү ш і б і р д е й .

Джидда қаласында 1994 ж. қыркүйек айының 27 жұлдызында жасалды, бұл қыжраның 1415 ж. Рағиб әс-Сәни айының жұлдызына сәйкес келеді.

*Қазақстан Республикасының*  
*Үкіметі үшін*

*Сауд Аравиясы Корольдігі*

*Үкіметі үшін*